

«Бекітемін»
«Балбобек» жеке балабақшасы
меңгерушісі: А.К.Бисенова



**2025-2026 оқу жылына арналған
консультациялық пункт жұмысының жоспары**

Орал 2025

2025-2026 оқу жылына арналған Консультациялық пункт жұмыс жоспары

Мақсаты: Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына жан-жақты көмек беру.

Жұмыс кестесі: Сейсенбі, Бейсенбі 15:00-17:00

Ай	Іс-шара	Мазмұны	Жауапты адамдар
Қыркүйек	Ата-аналарды тіркеу Бастапқы диагностика	Бастапқы диагностика баланың даму деңгейін анықтау.	Меңгеруші Әдіскер
Қазан	Консультация	3-4 жастағы баланың дағдарысы. Үйде тәрбие	Тәрбиешілер
Қараша	Ашық сабақ	“Саусақ ойындары арқылы сөйлеуді дамыту”	Тәрбиешілер
Желтоқсан	Жадынама	«Жаңа жылдық стресссіз мереке	Тәрбиешілер
Қаңтар	Консультация	“Баланы мектепке қалай дұрыс дайындаймыз?”	Тәрбиешілер Әдіскер
Ақпан	Диагностика	Орта диагностика	Тәрбиешілер
Наурыз	Шеберлік сағаты	“Ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу”	Тәрбиешілер
Сәуір	Консультация	“Баланың қорықпаушылығы, ұялшақтығы»	Тәрбиешілер
Мамыр	Қорытынды	Жыл қорытындысы. Ашық есік күні	Барлық мамандар

**Консультациялық пункт
№1 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «15» қыркүйек 2025 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Балабақшаға қамтылмаған балалардың ата-аналарымен танысу. Бастапқы диагностика жүргізу.

Қатысқандар:

1. Тәрбиешілер : 6
2. Ата-аналар: 12 адам

Күн тәртібі:

1. Консультациялық пункттің мақсаты мен жұмыс кестесін таныстыру.
2. 2-5 жас аралығындағы балалардың даму деңгейіне бастапқы диагностика жүргізу.
3. Ата-ана сұрақтарына жауап беру.

Тыңдалды:

1. Әдіскер Н.А.Бектұрсынова сөз сөйледі:
“Құрметті ата-аналар! Консультациялық пункт балабақшаға бармайтын балаларға тегін көмек көрсету үшін ашылды. Біздің мақсатымыз – баланың мектепке дайындығын күшейту, ата-анаға дұрыс тәрбие әдісін көрсету. Жұмыс аптасына 2 рет, сейсенбі, бейсенбі сағат 15:00-17:00 аралығында өтеді. Қабылдау тегін”.
2. Тәрбиеші: Шынғалиева Г.Х. хабарлама жасады:
“Бүгін әр балаға жеке диагностика жүргіземіз. Сөйлеудің тазалығы, сөздік қор, фонематикалық есту тексеріледі. Диагностика нәтижесі бойынша әр ата-анаға жеке ұсыныс береміз. 3 жаста 500-ден астам сөз білуі, 4 жаста сөйлем құрап айтуы керек”.
3. Тәрбиеші Аманғалиева Б.А. практикалық бөлім жүргізді:
“Ата-аналармен бірге “Саусақ ойындары”, “Қол моторикасын дамыту” ойындарын көрсеттік. Үйде күнде 10 минут ойнау баланың сөйлеуіне өте пайдалы”.

Сұрақ-жауап бөлімі:

Ата-ана А.Жансая: “Балам 3 жаста, сөйлемейді. Қалай сөйлетеміз?”
Жауап: Логопед жеке консультацияға шақырды, күнделікті жаттығу берді.

Ата-ана Б.Серік: “Балабақшаға кезек көп, үйде не істейміз?”
Жауап: Психолог апталық жоспар үлгісін беріп, ойын арқылы оқытуды ұсынды.

Қаулы етілді:

1. Қыркүйек айында тіркелген 8 балаға бастапқы диагностика жүргізілсін. Нәтижесі ата-ана дәптеріне жазылсын. Жауапты: тәрбиешілер
2. Мерзімі: 30.09.2025 ж.
3. Қазан айындағы консультация тақырыбы “3-4 жастағы баланың дағдарысы. Үйде тәрбие” болып бекітілсін. Жауапты: Тәрбиешілер: Мерзімі: 17.10.2025 ж.
3. Барлық ата-анаға “Үйде ойын арқылы дамыту” жадынамасы таратылсын. Жауапты: тәрбиеші. Мерзімі: 20.09.2025 ж.

Дауыс беру: Бірауыздан қабылданды.

Қаулының орындалуын бақылау әдіскер : Н.А.Бектұрсынова тапсырылсын.

Тіркеме: 1. Ата-аналар тізімі – 1 дана. 2. Диагностика нәтижесі – 8 дана.

Хатшы: Кадемова Г.Г.



**Консультациялық пункт
№2 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «17» қазан 2025 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “3-4 жастағы баланың дағдарысы. Үйде тәрбие”

Қатысқандар: 6
Ата-ана – 12 адам

Күн тәртібі:

1. 3 жас дағдарысының белгілері мен себептері
2. «Таңдауберу» «Тыйымды азайту» әдістерін меңгеру.
3. Практикалық жаттығу.

Тындалды:

Тәрбиеші: Шыңғалиева Г.Х 3 жастағы “Мен өзім!” кезеңін түсіндірді.
Белгілері: қыңырлық, теріс айту, талап. Себебі: өзіндік “Мен” қалыптасуы.
Кеңес:

1. Таңдау беру: “Көк футболка ма, жасыл ма?”
2. Тыйымды аз айту.
3. Мақтау + құшақтау. “Тыныш бұрыш” әдісі практикалық көрсетілді.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана 1 ай бойы “таңдау беру” әдісін қолансын. Нәтижесін қарашада айтады.

Жауапты: ата-ана.

2. Қарашада тәрбиеші: Г.Г.Кадемова “Саусақ ойындары” ашық сабағын өткізсін.

Жауапты: тәрбиеші.

Мерзімі: 21.11.2025

Хатшы:



Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№3 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «21» қараша 2025 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Саусақ ойындары арқылы сөйлеуді дамыту” – ашық сабақ

Қатысқандар: 6
Ата-ана-12

Күн тәртібі:

1. Қол маторикасы мен сөйлеу байланысы.
2. «Құс ұшады» «Саусақтар ұйықтады» ойындарын көрсету.
3. Ата-аналар баламен бірге ойнау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Б.А.Аманғалиева ашық сабақ өткізді: “Құс ұшады”, “Саусақтар ұйықтады”, “Аюдың табаны” ойындары. Ми мен қол байланысын түсіндірді.
Ата-ана баламен бірге 20 мин ойнады.

Қаулы етілді:

1. Әр ата-ана күнде таңертең 5 мин саусақ жаттығуын жасасын.

Жауапты: ата-ана. Мерзімі: тұрақты.

2. Желтоқсанда тәрбиеші: А.Ш. Болатова “Жаңа жыл стрессіз” тақырыбында жадынама дайындасын.

Жауапты: тәрбиеші

Мерзімі: 10.12.2025

Хатшы:



Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№4 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «12» желтоқсан 2025 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Жаңа жылдық стрессіз мереке”

Қатысқандар: 6

Ата-ана -12

Күн тәртібі:

1. Баланың шамадан тыс шаршамауы.
2. Ұйқы режимінің бұзылмауы.
3. «Мереке –бала үшін, бала –мереке үшін емес» қағидасы.

Тындалды:

Тәрбиеші: Г.Е.Сариева баланың шамадан тыс шаршамауы керегін айтты.

Ереже: 1. Ұйқы режимі бұзылмасын. 2. 2 сағаттан артық ертеңгілік болмасын. 3. Балаға сыйлықтан гөрі ата-ананың назары маңызды.

“Мереке – бала үшін, бала – мереке үшін емес” қағидасы берілді. Жадынама таратылды.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана балаға 3 сыйлықтан артық алмауға келісті. Жауапты: ата-ана.

2. Қаңтарда тәрбиеші Қ.Ж.Утехаева “Мектепке дайындық” консультациясын өткізсін.

Жауапты: тәрбиеші.

Мерзімі: 23.01.2026

Хатшы:



Г.Г. Кадемова

**Консультациялық пункт
№5 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «23» қаңтар 2026 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Баланы мектепке қалай дұрыс дайындаймыз?”

Қатысқандар: 6
Ата-ана: 12

Күн тәртібі:

1. Мектепке дайындықтың 3 бағыты: Танымдық, әлеуметтік, моторика.
2. Үй тапсырмасын сыз, ойын арқылы оқыту.
3. «Сөзді буынға бөлу» ойынын көрсету.

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Н.С.Гумарова мектепке дайындықтың 3 тірегін айтты:

1. Танымдық – санау 1-20, әріп тану. 2. Әлеуметтік – тәртіп, тыңдай білу.
3. Моторика – қарындас дұрыс ұстау. Ең маңыздысы: үй тапсырмасы емес, ойын арқылы оқыту. “Сөзді буынға бөлу” ойыны көрсетілді.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана күнде 15 мин “Мектеп ойынын” ойнасын. Жауапты: ата-ана.
2. Ақпанда тәрбиешілер мектепке дайындық бойынша орта диагностика жүргізісін.

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: 20.02.2026

Хатшы:  Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№6 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «20» ақпан 2026 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Мектепке дайындық деңгейіне орта диагностика”

Қатысқандар: 6
Ата-ана – 12

Күн тәртібі:

1. Зейін, жады ойлауды тексеру.
2. Дыбыс айтуды тексеру.
3. Нәтиже: 8 баланың 5 жоғары деңгейде, 3 балаға жеке ұсыныс

Тындалды:

Тәрбиеші: Г.Е. Сариева зейін, жады, ойлау, графикалық дағдысын тексерді.
Дыбыс айтуды тексерді. Нәтиже: 8 баланың 5-і жоғары деңгейде, 3 балаға жеке түзету картасы берілді. Әлсіз жағы: дыбыс “р, л”, зейін тұрақсыздығы.

Қаулы етілді:

1. 3 балаға наурыз-мамырда жеке түзету сабағы жүргізілсін.
Жауапты: тәрбиеші . Мерзімі: аптасына 1 рет.
2. Наурызда тәрбиеші Н.А.Бектұрсынова “Ұлттық ойындар” шеберлік сабағын өткізсін.
Жауапты: тәрбиеші.
Мерзімі: 20.03.2026

Хатшы:  Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№7 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «20» наурыз 2026 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу” – шеберлік сағаты

Қатысқандар: 6
Ата-ана: 12

Күн тәртібі:

1. «Асық», «Арқан тартыс», «Ханталапай» ойындарын үйрету.
2. Ойын арқылы ереже сақтау, командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Қ.Ж.Утехаева “Асық”, “Ханталапай”, “Арқан тартыс” ойындарын үйретті. Ұлттық ойын арқылы ереже сақтау, жеңіліске төзу, командада жұмыс істеу дағдысы қалыптасатынын түсіндірді. Ата-ана баласымен жарысты.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана аптасына 1 рет ұлттық ойын ойнасын. Жауапты: ата-ана.
2. Сәуірде тәрбиеші: Н.С.Гумарова “Баланың қорықпаушылығы” тақырыбында консультация өткізсін.

Жауапты: тәрбиеші

Мерзімі: 18.04.2026

Хатшы:



Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№8 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «18» сәуір 2026 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “Баланың қорықпаушылығы, ұялшақтығы”

Қатысқандар: 6

Ата-ана: 12

Күн тәртібі:

1. Ұялшақтың себебі: ата-ананың шамадан тыс қамқорлығы, салыстыру мақтамау.
2. «Мақтау+ кішкене тапсырма беру» әдісін ұсыну.
3. Рөлдік ойын «Дүкенде сатушы»

Тыңдалды:

Тәрбиеші: Г.Г.Кадемова ұялшақтық себебін атады: шамадан тыс қамқорлық, баласын басқалармен салыстыру, мақтамау.

Кенес: 1. Баланы мақтау: “Сен тырыстың!”

2. Кішкене жауапкершілік беру: “Гүлді сен суғар”.

3. Жаңа ортаға біртіндеп үйрету. Рөлдік ойын: “Дүкенде сатушы” жасалды.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана баланың әр жетістігін күнде мақтасын. Жауапты: ата-ана.

2. Мамырда жыл қорытындысы + “Ашық есік күні” өткізілсін.

Жауапты: барлық маман.

Мерзімі: 22.05.2026

Хатшы:



Г.Г.Кадемова

**Консультациялық пункт
№9 ХАТТАМАСЫ**

«Балбөбек» балабақшасы
Күні: «22» мамыр 2026 ж.
Уақыты: 15:00-17:00

Тақырыбы: “2025-2026 оқу жылының қорытындысы. Ашық есік күні”

Қатысқандар: 6

Ата-ана :12

Күн тәртібі:

1. Жылдық есеп беру
2. Жеке жетістіктерді атау.
3. Балаалрдың мерекелік шашуы.

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші: Қ.Ж.Утехаева жылдық есеп берді: диагностика басталғанда балалардың 60%-ы сөйлеуі төмен болса, мамырда 90%-ы нормаға жақындады.
2. Тәрбиеші әр баланың жеке жетістігін атады. 3 бала “р” дыбысын қойды.
3. Балалар ата-анасына концерт қойды, сурет сыйлады.

Қаулы етілді:

1. Консультациялық пункт жұмысы “қанағаттанарлық” деп бағалансын.
2. Жазғы кезеңде ата-ана WhatsApp тобына психологтың “Қауіпсіз жаз” кеңесін алсын.

Жауапты: медбике.

Мерзімі: маусым-тамыз.

Хатшы:



Г.Г.Кадемова.